


**Астана қаласы әкімдігінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы
№66 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК**

**Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында
«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны
жүргізілген іс-шаралар есебі**

Астана қаласы әкімдігінің Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінде 2023 жылдың 10-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» Республикалық онкүндігі және «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өтуде. Онкүндік аясында арнайы жоспар бойынша түрлі іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Онкүндік барысындағы іс-шараларда АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ құндылықтары төңірегінде түсіндірме, насихат жұмыстарын жүргізуге басымдылық беріледі. 13 қараша күні 1-6 сыныптар аралығында «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағатында оқушылар ар-ұят ұғымдары мағынасы, әдептілік төңірегінде ой қозғап, адами құндылықтарды насихаттады. Халқымыздың қанатты, нақыл сөздерінің мағынасы жайлы түсініктерін ортаға салды. 7-11 сынып оқушыларына «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер тарапынан ұсынылған бейнематериалдар мазмұны бойынша оқушылар зорлық-зомбылықтың түрлері жайлы және қатыгездіктің шығу себептері төңірегінде маңызды ақпараттар алды. Сонымен қатар әр топ мүшелері тақырып аясында түрлі тапсырмалар орындап, постер қорғап зорлық-зомбылықсыз қоғам орнатудың жолдарын қарастырды. Қатыгездіктің қоғам дертіне айналу себептерін анықтауға өз үлестерін қосып, көзқарастарын білдірді. Қатыгездіксіз қоғам орнату, зорлық-зомбылықсыз болашақ құру, бақытты ел болудың қадамдарын айқындай түсті.





2023 жылдың 17 қараша күні Есіл аудандық Астана қаласы Есіл ауданы полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімі учаскенің полиция инспекторы, полиция капитаны Айгүл Дәулетқызының қатысуымен мектебіміздің 8-11 сынып аралығындағы ер балалар ұжымына дәріс сағаты ұйымдастырылды. Дәріс сағаты «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігі» атты тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға заң аясында құқықтары мен міндеттері жайлы ақпарат берілді, жауапкершілікке тартылу қалай жүзеге асырылады, айыппұл түрлері, ата-ана жауапкершілігі т.б. жайлы түсіндірілді. Зиянды әдеттерге бой алдырмау, беймезгіл көшеде жүрмеу, былапыт сөйлемеу, буллинг мәселесі, әлеуметтік желіні тиімді мақсатқа қолдану т.б. мәселелер жайлы ой қозғалды. Оқушылар өздерін толғандырған сауалдарын ортаға салды. Полиция капитаны Айгүл Дәулетқызы оқушылардың сауалдарына заң негізінде жауап қайтара отырып, кеңес берді.





2023 жылдың 17 қараша күні мектеп кітапханасында 6 «Б» және 6 «В» сынып оқушыларының арасында «Құқық әлеміне саяхат» атты танымдық ойын өткізілді. Ұйымдастырушылар сынып жетекшілері Асылбекова Алтынай Жомартқызы және Жанаева Алина Саматовна. Ойын барысында оқушыларға оқушы құқығы мен міндеттеріне байланысты сұрақтар қойылды, жағдаят тапсырмалар берілді. Екі топ берілген жағдаят тапсырма бойынша көзқарастарын білдіріп, ой түйіндеп, шешу жолдарын ұсынды. 3-ші кезеңде ар-ождан, адалдық, адамгершілік, патриотизмге қатысты мақал-мәтел жарысында оқушылар белсенді өнер көрсете білді. Оқушыларға танымдық ойын сағаты ұнады. Сергіту сәтінде дәстүрлі ән орындалып, көңіл-күйлері көтеріле түсті. Нәтижесінде 6 «В» сынып оқушылары жеңіске жетті.





2023 жылдың 17 қараша күні 7 сынып оқушыларының ата-аналарына қауіпсіздік сағаты ұйымдастырылды. Жиналыс тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі - ата-ананың жауапкершілігі». Сынып жетекшілері тарапынан слайд-презентация, бейнематериалдар арқылы дәріс сағаты, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, қазіргі таңда бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті мәселе екендігі баршаңызға мәлім. Әлеуметтік желі арқылы да оқушыларымызға түрлі қауіп төніп тұр. Буллинг мәселесі де жиі кездесуде. Осының барлығына тосқаулы бола білуге дайын болуымыз қажет деп, ой түйіндеді. Ата-аналармен бірлес отырып сергіту жаттығулары жасалды, жағымды атмосфера орнату ойындары ойнатылды. Топтық тапсырмалар беріліп, тапсырма желісінде әр топ мүшелері өз ұсыныстары мен көзқарастарын қорғап ой бөлісті. Жиналысқа ата-аналардың қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: Б. Нуртазина

